

печить их квалифицированными специалистами, способными обслуживать сложную современную технику и выпускать конкурентную продукцию.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 <http://www.zakon.kz/152202-dorozhnaja-karta-chto-khotelos-chto.html>

2 <http://kaz-news.info/2011/01/kazakhstan-100-vypolnil-dorozhnyu-kartu-2009-2010/>

3 Об утверждении Программы «Дорожная карта бизнеса–2020»: Постановление Правительства РК от 13 апреля 2010 года № 301.

Түйін

«СЮННУ», «ХҰННУ», «ҒҰН», «ЖУЖАН», «АВАР», «ЭФТАЛИТ» АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ, МАҒЫНАЛАРЫ

Нурханова А.С.

Әйгілі Шығыс және Рим империялары өзінің сан ғасырлық тарихында талайды көрді, талаймен соғысты, алайда, олардың өздеріне ең сұмдық қорлық көрсетіп, ең көп зардап шектірген жаулары сонау Азияның түкпірінен келіп жетіп, Еуропаны есеңгіретіп кетіп, дүр сілкіндірген көшпелі ғұндар болған. Әлемдік және отан тарихнамада ғалымдар арасында «ғұн» этнонимін қолдануда бірауыздылық жоқ. «Ғұн» этнонимінің көптеген нұсқалары кездеседі, соның ішінде «һұн», «хун», «гун», «сюнну», «хунну» және т.с.с. Сонымен қатар «жужан», «авар», «эфталит» деген терминдерін атап өткен жөн, себебі бұлар ғұндар тарихының айырықша бір бөлігі, тіпті жалғасы деп айтуға болады.

«Ғұн» атауының өзгеріске ұшырауының белгілі бір себептері бар. Біріншіден, көне заманда еуропалық және қытайлық тарихшылар көшпенділерді әрқилы атаған. Тарихшылар мен жылнамашылар әр жүз-жылдық сайын хұндарды өз ыңғайларына қарай атай берген. Қытайлықтар б.з.б. да, тіпті одан кейін де бір халыққа 32 атау берген. Ежелгі батыс тарихшылары өз кітаптарында хұндарды гун-гунний, хун-хунну, кун-кунну, хон-хэн, хун-ху-гуз, сюнну және тағы басқа сол сияқты жаза берген. Немесе, әңгіме Еділ патшаның ғұндары жайлы болып отырса, гундар деп көрсеткен [1, 137-138]. Сонымен қатар, басқа деректерге қара-

Бұл мақалада «Жол картасы» бағдарламасына әлеуметтік-экономикалық жақтары қарастырылады. Осы бағдарламаның арқасында экономикадағы позитивті өзгерістер басталғаның байқалады.

Conclusion

Social and economic aspects of the Program "The Road Map" is considered in the given article. It is noticed that the given program provides a number of positive changes in economic development of the country.

ғанда ғұндар қытай жылнамаларында «гуй фаң», «гун руң», «хун ю», «шиан ю», «шиун ну» секілді атаулармен берілді [2, 111].

Екіншіден, өркениетке өзгелерден бұрынырақ қол жеткізіп, жазу-сызуы ертерек дамыған әлемнің ежелгі көне елдерінің адамзат баласын «біз және басқалар» деп, екіге бөліп тастап, өздерін ғана мәдениетті санап, өзгелердің бәрін жабайыға жатқызатын ежелгі ауруынан байырғы қытайлықтардың да тыс қалмағаны тарихтан белгілі. Бұлар да өздерінен басқалардың бәрін мәдениет құндылықтарын жасау қолынан келмейтін жабайыларға жатқызып, бәрін «хулар» деп атап кеткен. «Ху» сөзінің аудармасы «жабайылылар» деген мағынасын береді.

Көне қытайда патшалық құрған әулеттер өзара орын алмастырған сайын ғұндарға өзінше ат қоя берген. Мысалы, оларды әуелі «гуйфан» (перілер немесе жын-сайтандар), содан кейін «шианиун» (адал ит), сонсоң «Шиунжу» (түрлі иісті шөптен тамақ жасайтындар) деп атаса, тек Чин патшалығы кезінде (б.з.д. 221-206 ж.ж.) ғана олар бүгінгі әлемге сиунну атына ие болады. Бұл жерде ескертетін бір жайт, Қойшығара Сарғарұлы «сюнну» атауына орнына «сиунну» терминін қолданып тұр. Ғалымның айтуы бойынша, «сюнну» деген орыс шығыстанушыларының берген термині. Алайда, қытай

иероглифінің оқылудағы дыбысталуын дәл беруге келгенде орыс тілінің мүмкіндігі қазақ тіліне қарағанда әлдеқайда төмен. Өйткені, қытай иероглифінің дыбысталуын дәл беретін қазақ тіліндегі «қ, ұ, ү, ғ, ң, ы, і, ә, ө» әріптері оларда жоқ. Сол себепті дыбысталуын осы әріптер құрайтын иероглифтерді оқығанда олар сөзді өз мәнінде айта алмай, бұрмалауға мәжбүр. Енді жоғарыда айтылған «сиунну» сөзінің мәніне келетін болсақ, ол қытай тілінен аударғанда «өр кеуделі құл» деген мағынасына сәйкес келеді [3, 10-11].

Келесі тарихи деректерге қарағанда, сиунну (сиунну) этнонимінің мазмұны мен нақты қалай айтылатыны әзірше айқын емес. Зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, оның ежелгі қытайлық транскрипциясы гректер мен ертедегі орыс шежірелерінің фруна (труна) деген түріне тіреліп жатыр. Орыс шежіресі Еділ мен Дунайдағы өздерінің сиуннуларға сабақтастығын сақтап қалған ғұн-болғар ақсүйектерін сипаттай келіп, оларды трунове, яғни трундар деп атайды. Егер осылайша, «трун» деген сөз бастапқыда «ғұн» тайпаларының ақсүйектеріне арналып айтылса, сиунну (хунну), яғни трундар ғұндар деп саналмағанын білдірмейді. Трун және ғұн терминдері бір ғана этникалық-саяси қауым жөнінде қолданылған, олардың таралған аудандары әр түрлі болғанымен ғұн термині әлдеқайда мол қауымды білдірді [4, 245].

Қытай деректерінде б. з. д. 4,5-5 мыңжылдықтарда хұндардың Күн-шығыс имериясын құрғаны жайында айтылады. Бұл империяның атауы «Күн» еді. Қытайлықтар оны «Хұн» деп, ал халық арасында «хұнну» атауымен белгілі болған. Кейірек аталған Күн мемлекеті атауының бұрмаланған нұсқасы, яғни «хұнну» сөзі, хұндардың төл атауына айналып кетті [5, 14]. Оның кең мағынадағы аудармасы «жауыз құлдар», «кекшіл құлдар» деген мағынаға дәл келеді. Жау жүрек хұндар көне қытайларды ат табынымен бөріктіре таптап, қазіргі Хуанхэ дариясының (Сарыөзен) бойынан ары өткізіп, әйгілі қытай қорғанын тұрғызуға себепкер болған еді. Сондықтан да олар ғұн десе төбе шашы тік тұратын болған. Мүмкін осыдан барып, оларды «хұнну», яғни «жауыз

құлдар», «кекшіл құлдар» деп атап кетті [6, 60].

Б.з.д. 47 жылы мемлекет ішіндегі тартыстардың нәтижесінде хұндар екіге, яғни солтүстік және оңтүстік хұндарға бөлініп кетеді. Солтүстік хұндар Қытай империясының бодандығын қабылдап, ал оңтүстік хұндар өзінің тәуелсіздігін сақтап қалады. Солтүстік хұндардың бір бөлігі қытай басқыншылыққа қарсы соғысып, кейін кангюй еліне кетуге мәжбүр болады. Б.з. I ғасырда хұндар Арал, Еділ және Дон аралығындағы территорияға жетеді. Бұл жерде ғұндар үш ғасырдың ішінде өздерінің этникалық ерекшелігін жоғалтып, жергілікті тайпалармен араласып кетеді. Жаңа этнос құралады, құрамына кірген этностардың бұрынғы аттары ұмытылып, ғұн деп атала бастайды [7, 40-42].

Енді «ғұн» атауының төркіні жайын сөз етсек, ол жөнінде сан алуан пікірлер бар. Түркі халықтары жайында мәлімет беретін ежелгі қытай мәтіндерінде бірқатар этнонимдер кездеседі. Олардың барлығы «хунь» немесе «кунь», яғни «хұн», «ғұн» деген иероглифтер арқылы белгіленген еді. Л. Базен көрсеткендей, «ғұн» немесе «кұн» формалары «кұн» деген ежелгі түркі сөзіне дәл келеді. Ал «кұн» сөзі көп мағына береді. Соның ішінде, халық – адам ұжымы – тайпа – әйел – үй ошағының қамқоршысы – әйел бастауы [8, 11].

Бүгінгі таңда «ғұн» атауы жөніндегі зерттеулерде қазіргі «күн» сөзімен байланыстырып зерттеу жұрт назарын көбірек аударып жүр. Ертедегі ғұндардың шаман дініне енгендігі, Күнге, Айға табынғандығы анық. Ендеше, ғұндар ежелгі түркі тілімен сөйлейтін ел болғандықтан, өздерін Күн тәңірісіне табынған елміз деп атаған болуы мүмкін.

Мырзабек Дүйсенов «Атаудың арғы тегіне зер салайық» деген мақаласында: «... тегінде ата-бабаларымыз Тәңірге, Күнге, Айға табынғаны белгілі, өздерін Күннен жаратылған күнбіз (кісі, адам, елміз) деген ұғыммен «күн» деген сөзге «кісі», «ел» деген екінші мағына беруіне қисын жоқ емес сияқты, мүмкін, «Күн астындағы Күнікейіміз» дегенде күн астындағы кішкентай кісіміз, ел-жұртпыз дегенді айтқысы да кел-

ген болар-ау», – деп жазды. М. Ақынжанов: «Қытайлар өздеріне жақынырақ отырған Орталық Азиядағы түркі тектес жұрттарды «хулеген» (х-укающий) тілінің ызыңына сәйкес «хунн» (гунн) деп атаған, ертедегі «сак», «ғұн» (хунн), «скиф» деген атаулар – түркі төркіндес тілдерінің сыртқы елдердің ызыңымен, ауазымен байланысты бұларға көрші елдердің қойған аттары екенін мойындамасак орын жоқ», – дейді.

Сонымен қатар, «ғұн» атауын «күн» (хүн) – мен ұштастырып зерттеуде, моңғол тілінде «күн» («хүн») сөзі «кісі» деген мағына береді. Ал венгр ғалымы Н. Немет көне ұйғыр тілінен «күн» сөзі «халық» деп аударылады деген тұжырым жасайды [9, 56-57].

«Сюнну», «хүнну», «ғұн» этнонимдерін қарастырып болдық. Енді «авар» атауына біршама тоқталып өтейік. Аттила мұрагерлері – Теңіз бен Ернақтың тұсында хун ордасы мейлінше әлсірейді. Алайда осынау «Жаңа Хун ордасы» Еуропада әлі үш ғасыр өмір сүріп, көп әбігер туғызған еді. Көптеген тарихи деректерге қарағанда, V ғасырдың ақырында хун тайпалары Шығысқа, яғни Қара теңіз жағалауына шегінеді. Бірақ Қара теңіз жағалауындағы хун тайпалары тарихта басқа атпен атала бастаған. Тіпті сол кезде Днепр өзені «Хунауар» деп аталған. «Хун» мен «ауар» сөзі бірнеше тайпаның аты болып қалды. Мысалы, Уархун (Арғын) тайпасы. Кейбір тарихшылар Уар деген батырдың соңынан ерген тайпалар кейінірек «Уархундар» болып аталып кеткен деп тұжырымдайды. Көптеген тарихи деректерде «уар» қағанаты «авар» деп аталып кеткен.

Қысқасын айтқанда, V ғасырдың ақырында Еуропада пайда болған хундардың, яғни Еділ ұрпақтарының жаңа ордасы «Уархун қағанаты» деп аталуының негізгі себебі:

Каспий мен Арал теңізінің аралығында II ғасырдан бері жасайтын Уархун тайпалары V ғасырдың ақырында Еуропаға келіп Аттиладан қалған хун тайпаларына қосылған. Хундардың жаңа ордасында Уархундардың санының көбеюіне байланысты «Уар қағанаты» деп аталған [10, 28-30].

«Жужан» атауының мағынасы жайында сөз қозғалайық. Жужандар – IV ғасырдың екінші жартысынан бастап V ғасырға дейін-

гі уақытта қазіргі Моңғолия мен Батыс Маньчжурия аумағында құрылған көшпелі тайпалар одағының қытай деректеріндегі атауы [11, 47]. Алайда, «жужан» этнонимнің дәл мағынасы бүгінгі таңда белгісіз. Бұл қытайдың оларға берген лақап ат болуы мүмкін деген болжамдар бар. Сонымен қатар, қытай деректеріне қарағанда, Шень-Юань-Ди патшаның Қытай империясын билеп тұрған жылдарында жер шолып, шекара маңын аралап жүрген шолғыншылар айдалада Миғұла деген жігітті ұстап алады. Кейін Мұғила есін біліп, ел қатарына қосылған кезде оны атты әскер қатарына береді. Уақыт өтісімен Мұғила бір кезде кешігіп келгені үшін басы алынсын жарлыққа тап болды. Осыған орай Мұғила сай деген аймаққа қарай қашып кетті. Сол арада оның маңайына 100 жігіт жиналды. Олар да өзі сияқты қашқындар еді. Мұғила дүниеден өткеннен кейін оның ұлы Толық ай әкесінің маңайына жиналған жүз жігітті бір аймақ ел Жанту деп, кейін оларға «жүз жан» деген ат берді. Ал Табу-Ди патша «жүзжандар жылан сияқты» деп, оларды «жуан жылан» деп аталсын деген жарлық шығарды [12, 268].

Батыс ғұндар империясы Еуропада ат ойнатып, Рим империясы мен басқа халықтар тағдырын шешіп жатқанда, V ғасыр басында ғұндардың басқа бір бөлігі Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия жерінде күшті мемлекет құрды. Олар тарихта «ақ ғұндар» деп аталады. Мемлекет негізі көшпелі түркі тайпалардан құралған еді. Олардың күшейгені соншалық V-VI ғасырларда оның қарамағына қазіргі Ауғанстан, Пәкістан, Солтүстік және Батыс Үндістан, Шығыс Түркістанның бір бөлігі кірді.

Ақ ғұндарды Үндістан тарихнамасында «эфталиттер» деп атапты [13, 12-13]. Бүгінгі таңда «эфталит» терминінің нақты шығу тегі белгісіз. Жалпы оларды «эфталит» деп византиялық тарихшылар атап кеткен. Бұл Эфта патшалық әулетіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар византиялық тарихшылар оларды ақ ғұндар деп білген, және бұл мемлекеттің көптеген атаулары болды: эфтал, хэфтал, хетал, абтал, идал, тетал, т.б. Бұлардың барлығы Эптал билеушінің атымен байланысты деген пікірлер бар.

«Эфталит» этнонимінің мағынасы жөнінде басқа да тұжырымдар қалыптасқан. Кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша бұл атау «массагет» этнонимінің бұрмаланған нұсқасы болып табылады. Басқа пікірлер бойынша бұл халық өзінің патшасы Эфталан есімімен аталып кеткен.

Профессор Қаржаубай Сартқожаның айтуы бойынша, *jeti ebtі* (иеті евті) = жеті ебті деген сөз тіркесі «жеті тұрақ», «жеті қоныс» деген мағына береді. Кейін бұл сөз тіркесі дыбыстық өзгеріске ұшырап, «эфталит» сөзіне айналды деп тұжырым жасайды [14, 143-144].

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деп, ғұндардың талай ғасырлық тарихында олардың атауы түрлі өзгерістерге ұшыраған деп айта аламын. Дегенмен де, бұл атауларды біліп, шатастырмау білуіміз дұрыс болар еді. Себебі, ғұндар – қазақтың халық болып қалыптасуына өзекті ұйытқы болған негізгі халықтарының бірі, яғни біздің ежелгі ата-бабаларымыз болып табылады. Демек, осының барлығы – біздің ұлтымыздың тарихы. Ал өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашығына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. «Тарихын білмеген халық көп тайғақтайды» деп халқымыз тегін айтпаған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Көркемсуретті Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін. (4 томдық) 1-том: Палеолит дәуірінен моңғол шапқыншылығына дейінгі Қазақстан. – Алматы, 2006. – 312 б.

2 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Том 3. / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2001. – 720 б.

3. Салғарұлы Қ. Сиунну. «Хан кітабы». (Көне қытай жазбаларынан). – Алматы: «Санат», 1998. – 288 б.

4 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. I том. – Алматы: «Білім», 2005. – 304 б.

5 Куанганов Ш.-М. М. «Арий-гун» сквозь века и пространство: свидетельства, топонимы. – Алматы, 2008. – 672 с.

6 Байталақ Ұ. Ғұндар жайлы не білеміз? [тарих тағылым]. // Жана Сарыарқа. – 2010 – №2.

7 Күзембайұлы А., Әбіл Е.А. История Казахстана: Учебник для вузов. – 8-е изд. перераб. и доп. – Костанай: Костанайский региональный институт исторических исследований, 2006. – 350 с.

8 Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во Академии наук Казахской ССР, 1960. – 224 с.

9 Тілекметова Г. Ғұн тайпалары туралы кейбір мәліметтер // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2008. – №5.

10 Өтенияз С.. Аттила (ғылыми зерттеу). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 216 б.+ суретті жапсырма.

11 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Том 4. /Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2002. – 720 б.

12 Бичурин Н. Орта Азияны мекендеген халықтардың көне заманғы тарихы. Астана: Аударма, 2008. – 552 б.

13 Өтенияз С. Еділден қалған соңғы тарих // Қазақ тарихы. – 2001. – №5.

14 Омаров Е. Аттила. Цивилизаторская роль. – Арда: Алматы. – 2006. – 392 с.

Резюме

В данной статье подробно рассматривается вопрос об истории происхождения и значения этнонимов «сунну», «хунну», «гун», «жужан», «авар», «эфталит».

Conclusion

This article gives the through analysis to the origin and meaning of the ethnonyms «sunnu», «hunnu», «gun» «zhuzhan», «avar», «ephtalite».